

19.03.2019 ж.

«Сахна – тұлғалардың тұғыры»

Өнердің үлкен жанрларының бірі – ол театр саласы. Өмір көріністерін драма арқылы, әртістердің күшімен бейнелейтін өнердің бір түрі. Елімізде, жыл сайын, 27 наурыз – Халықаралық театр күні аталып өтіп, өнер адамдарының еңбектері насихатталады.

Театр күні қарсаңында, кітапхананың өнер секторында «Сахна – тұлғалардың тұғыры» атты көрме қойылып, әдебиеттер арқылы театр саласына саяхат жасалды. Сектор қорындағы, театр тарихын, әлем театрлары, әсіресе, қазақ театрының шежіресін баяндайтын әдебиеттер мен мерзімді басылым беттеріндегі деректер жинақталып, үлкен бір көрмеге топтастырылды. Режиссер, сыншы, әртістердің де шығармашылығы назардан тыс қалған жоқ. Атақты қазақтың халық әртістеріне арналған кітаптар мен фотоальбомдар кеңінен насихатталды.

Арқалық жасөспірімдер театры қызметкерлерінің еңбектері дараланып, театр басшыларының, әртістерінің портреттері ілінді. Өлкенің, өнер жанашырлары, көпшілікке таныстырылып, алғысқа бөленді.

